## Банктік емес сектордың 2008 жылғы 1 маусымдағы ағымдық жағдайы

2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 35 ұйым, оның ішінде 12 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

| № | Ұйымдардың атауы | 01.01.2008 | 01.06.2008 |
|---|---|---|---|
| 1 | Ипотекалық ұйымдар | 12 | 12 |
| 2 | Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, | 23 | 23 |
| | оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар | 4 | 4 |
| | **Жиынтық** | **35** | **35** |

### Ипотекалық ұйымдар

**Активтер**. 2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың активтерінің жиынтық мөлшері мамыр айында 0,07%-ға кеміп (145,0 млн. теңге), 209 992,4 млн. теңгені құрады, сонымен қатар төмендеу ағымдағы жылдың басында 2,8% (6 142,7 млн. теңге) болды. Ипотекалық ұйымдардың активтерінің жалпы сомасында маңызды үлесін заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 76,5% (160 557,8 млн. тенге), сөйтіп, басқа банктерде орналастырылған салымдарға 3,9% (8 203,2 млн. тенге), бағалы қағаздар үлесіне – 4,9% (10 304,8 млн. тенге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 5,5% (11 646,1 млн. тенге) келіп отыр.

| **Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы** | **01.01.2008** | | **01.06.2008** | | **Өсім %-бен** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **млн. теңге** | **жиынтығында %-бен** | **млн. теңге** | **жиынтығында %-бен** | |
| Қолма-қол ақша | 683,1 | 0,3 | 493,4 | 0,2 | -27,8 |
| Корреспендеттік шоттар | 6 350,2 | 2,9 | 11 646,1 | 5,5 | 83,4 |
| Бағалы қағаздар | 11 769,6 | 5,4 | 10 304,8 | 4,9 | -12,4 |
| Басқа банктерге орналастырылған салымдар | 11 787,1 | 5,5 | 8 203,2 | 3,9 | -30,4 |
| «Кері РЕПО» операциясы | 15 825,3 | 7,3 | 4 791,5 | 2,3 | -69,7 |
| Клиенттерге берілген заемдар | 162 243,0 | 75,1 | 160 557,8 | 76,5 | -1,0 |
| Капиталға инвестиция және реттелген борыштар | 1 613,5 | 0,8 | 2 567,8 | 1,2 | 59,1 |
| Негізгі каражат және материалдық емес активтер | 2 107,9 | 1,0 | 2 257,6 | 1,1 | 7,1 |
| Басқа активтер | 3 755,4 | 1,7 | 9 170,2 | 4,4 | 2,4 есе |
| **Барлық активтер** | **216 135,1** | **100** | **209 992,4** | **100** | **-2,8** |

**01.01.08ж.жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)**




**01.06.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)**



**Кредиттік портфель.** Ағымдағы жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі сонымен бірге 2008 жылдың басында 6,3% (11 291,7 млн. теңге) болып, мамыр айында 1,8%-ға кеміп,169 085,4 млн. теңге болды.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелі құрылымын талдау кезінде стандартты кредиттердің үлесінің кемігенін байқауға болады. Сөйтіп, ағымдағы жылдың 1 қаңтарында стандартты кредиттердің үлесі 95,5% болса, 2008 жылғы 1 маусымда 93,9% болды. Есепті күнге күмәнді кредиттер үлесі 5,2% болды, бұл 2008 жылғы 1 қаңтардағы деректер деңгейінен 1,3 пайыздық тармаққа жоғары. 2008 жылғы 1 маусымда үмітсіз кредиттер үлесі ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 30 базистік тармаққа өсіп, 0,9% болды. Жылдың басымен салыстырғанда, үмітсіз заемдар сомасы абсолютті түрде алғанда 590,8 млн. теңге болды.

| Несие портфелі сапасының динамикасы | 01.01.2008 | | 01.06.2008 | |
|---|---|---|---|---|
| | негізгі борыш сомасы, млн. теңге | % -бен жиынтығы | негізгі борыш сомасы, млн. теңге | % -бен жиынтығы |
| **Несие портфелі барлығы** | **180 377,1** | **100** | **169 085,4** | **100** |
| **Стандартты** | **172 269,1** | **95,5** | **158 787,6** | **93,9** |
| **Күмәнді** | **7 110,9** | **3,9** | **8 709,9** | **5,2** |
| ***1 санатты күмәнді*** – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 2 744,7 | 1,5 | 2 220,6 | 1,3 |
| ***2 санатты күмәнді*** – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 1 496,3 | 0,8 | 1 785,8 | 1,1 |
| ***3 санатты күмәнді*** –төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 1660,1 | 0,9 | 1 365,5 | 0,8 |
| ***4 санатты күмәнді*** - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 557,4 | 0,3 | 1 446,2 | 0,9 |
| ***5 санатты күмәнді*** | 652,4 | 0,4 | 1 891,8 | 1,1 |
| **Үмітсіз** | **997,1** | **0,6** | **1 587,9** | **0,9** |

**Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңге**




1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 99,1% құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 38,3%, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 41,4%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 19,4%.

**Міндеттемелер.** Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 11 627,7 млн. теңгеге немесе 6,8%-ға кеміді және 2008 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 159 940,0 млн. теңге болды. Бұл ретте,

ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (48,9%-ға) және басқа банктерден алынған заемдар (32,9%-ға) басым болды.

| Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы | 01.01.08 | | 01.06.08 | | Өсім, (%-бен) |
|---|---|---|---|---|---|
| | млн. теңге | жиынтығында %-бен | млн. теңге | жиынтығында %-бен | |
| Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар | 61 869,2 | 36,1 | 52 664,2 | 32,9 | -14,9 |
| Бағалы қағаздарман «РЕПО» операциялары | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар | 82 947,7 | 48,3 | 78 254,2 | 48,9 | -5,7 |
| Басқа кредиторлар | 1 302,8 | 0,8 | 1 567,9 | 1,0 | 20,3 |
| Басқа міндеттемелер | 25 448,0 | 14,8 | 27 453,7 | 17,2 | 7,9 |
| **Міндеттемелердің барлығы** | **171 567,7** | **100** | **159 940,0** | **100** | **-6,8** |

**01.01.08ж.жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)**




**01.06.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы (%)**




**Кірістілік.** 2008 жылғы 1 маусымда ипотекалық ұйымдар кіріс салығын төлегеннен кейін 47,6 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, (2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша – 10 185,6 млн. теңге) бұл өткен жылдың осындай ұқсас кезеңіне қарағанда 97,3%-ға кем. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 14 439,4 млн. теңге болды (2007 жылғы 1 маусымда – 10 185,6 млн. теңге), шығыстардың жиынтық мөлшері – 14 391,8 млн. теңге (2007 жылғы 1 маусымда – 10 185,6 млн. теңге) болды.

| Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн.теңге<br>Доходность ипотечных организаций, в млн. тенге | 01.06.2007 | 01.06.2008 | Өсім, %-бен<br>Прирост, в % |
|---|---|---|---|
| Сыйақы алумен байланысты кірістер | | | 38,7 |
| Доходы, связанные с получением вознаграждения | 7 428,9 | 10 306,0 | |
| Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар | | | 63,8 |
| Расходы, связанные с выплатой вознаграждения | 4 209,0 | 6 892,7 | |
| Сыйақы алумен байланысты емес кірістер | | | 49,9 |
| Доходы, не связанные с получением вознаграждения | 2 756,7 | 4 133,4 | |
| Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар | | | 78,0 |
| Расходы, не связанные с выплатой вознаграждения | 4 212,7 | 7 499,1 | |

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (63,7% немесе 9 201,4 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (26,2% немесе 3 772,7 млн. теңге) сыйақы төлеуге байланысты шығыстар ең көп орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2008 жылғы 1 маусымда 50 052,4 млн. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіштен 12,3%-ға көп (5 484,9 млн. теңге).